

РАЗВИТИЕ ИНФРАСТРУКТУРЫ, УВЕЛИЧЕНИЕ ГРУЗОПОТОКА И КОЛИЧЕСТВА ПОДВИЖНОГО СОСТАВА НЕ МОЖЕТ БЫТЬ БЕЗ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ ПЕЗДОВ. ЭТОТ ВОПРОС ОСТАЕТСЯ НАИВАЖНЕЙШИМ ДЛЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ. НЕОБХОДИМО УЧИТЫВАТЬ ВСЕ ФАКТОРЫ, КОТОРЫЕ МОГУТ ПОВЛИЯТЬ НА БЕЗОПАСНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ ПЕЗДОВ И ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕСПЕРЕБОЙНОЙ РАБОТЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА.

Талгат АЛДЫБЕРГЕНОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ»



№86 (3016)
11/10/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

КТЖ СОЗДАЕТ ЦИФРОВОЙ КАРКАС СЕТИ

АО «НК «КТЖ» приняло участие в Форсайт-форуме «Горизонт-2035: искусственный интеллект и транспорт будущего». Организаторами форума выступили TLK Media, Фонд развития транспортных инициатив Нигматжана Исингарина, Ассоциация корпоративных коммуникаций РК, Союз транспортников Казахстана «Kazlogistics» при поддержке АО «НК «КТЖ», Министерства транспорта РК.

Асель ШАЙХИНОВА,
Астана

Во время стратегической сессии «От Шелкового до цифрового транспортного пути» озвучено, что основная цель железнодорожной отрасли на сегодня – создание «умной железной дороги» с использованием передовых технологий (облачные вычисления, анализ больших данных, искусственный интеллект и другие).

В этом направлении проводится большая работа, в том числе автоматизация управления движением: умные системы позволяют оптимизировать маршруты поездов, сокращать задержки и повышать пропускную способность.

Одним из важных направлений является партнерство с компанией Wabtec, в рамках которого ведутся работы по внедрению диагностического комплекса Kinetix. Кроме того, уже сегодня успешно функционирует автоматизированная система управления АСУ «Магистраль». Данные, полученные с помощью этой системы, активно используются в техобслуживании и ремонте (ТОиР).

Для работы ИИ с визуальными данными и анализа больших массивов информации КТЖ сотрудничает с компанией Huawei в рамках платформы PanGu. Она обеспечивает визуальную аналитику и позволяет аккумулировать данные со всех источников информации для их детального анализа.

Мы работаем над внедрением программы Smart Railway Solution, которая отлично зарекомендовала себя в Китае. Благодаря искусственному интеллекту программа позволяет полностью мониторить транспортную систему в стране. Можно в онлайн-режиме видеть все участки, – отметил директор отдела облачного бизнеса на Ближнем Востоке и в Центральной Азии компании Huawei Ци Сю (Qi Xiao-Middle East & Central Asia Cloud Business Dept-Director).

С помощью современных технологий, таких как машинное обучение, предиктивная аналитика и работа с большими данными, в КТЖ создается фундамент для внедрения ИИ в железнодорожную отрасль Казахстана. Это позволит значительно повысить безопасность, эффективность и устойчивость отечественной инфраструктуры.

Большим достижением цифровой трансформации в КТЖ стал старт проекта «Единое цифровое окно» (ЕЦО), целью которого является полная цифровизация



клиентского сервиса в области грузовых перевозок. Проект направлен на создание единого цифрового пространства для клиентов, объединяющего все коммерческие функции дочерних предприятий компании по аналогии с государственными платформами Egov и ЦОНами. Внедрение ЕЦО обеспечит прозрачность бизнес-процессов, оптимизирует коммуникации и создаст удобную единую точку входа для клиентов. Это позволит сократить время на обработку запросов и повысить продуктивность рабочих процессов, а также эффективность управления логистическими операциями.

На текущий момент портал запущен в тестовом режиме и уже предоставляет клиентам доступ к следующим функциям: получение коммерческих предложений, управление договорами, подача запросов через социальные сети и Call-центр, а также оформление заявок на услуги. В будущем планируется расширение функционала с включением таких возможностей, как проведение взаиморасчетов, онлайн-оплата, доступ к аналитическим данным, отслеживание грузов в реальном времени и интеграция партнеров через API.

Во время подготовки к запуску ЕЦО проделана значительная работа по внедрению цифровой экосистемы в дочерних компаниях. В частности, автоматизация бизнес-процессов и создание единого контакт-центра в КТЖ Express привели к росту уровня удовлетворенности клиентов до 93%, а индекс лояльности (NPS) достиг 70%. Внедрение электронно-цифровой подписи

позволило сократить сроки заключения договоров в 2,5 раза, а интеграция с партнерами через API существенно оптимизировала управление заказами и снизила время обработки заявок.

Транспортная компания без IT-услуг и цифровизации своих процессов останется на обочине. Сейчас требование времени: чтобы управлять компанией эффективно, нужно настроить процессы, автоматизировать их, – выразил мнение член правления латвийской компании SIGIS Владислав Сидоров.

Отмечено, что в Казахстане государственная программа дает импульс для внедрения ИИ и цифровизацию транспортной системы. Это является важной частью государственной стратегии по технологическому развитию. Казахстан обладает уникальной возможностью стать лидером в применении ИИ в транспортной сфере среди стран Центральной Азии.

Искусственный интеллект может стать мощным двигателем трансформации железнодорожной отрасли Казахстана. Внедрение современных технологий позволит не только повысить эффективность перевозок, но и улучшить качество обслуживания пассажиров и грузоотправителей. Важно продолжать инвестировать в исследования и разработки, а также развивать человеческие ресурсы, чтобы полностью раскрыть потенциал ИИ на наших железных дорогах, – сказал вице-министр транспорта РК Максат Калиакпаров.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КЕДЕРГІЛЕР ЖОЙЫЛУДА



ҚР Көлік министрлігі теміржол және су көлігі комитеті төрағасының орынбасары Нұржан Келбұғанов Қазақстанның көлік саласында қиындық келтіретін негізгі факторларды атады. Оның айтуынша, локомотивтер жетіспеушілігі, ел инфрақұрылымындағы «тар» орындар тасымал үдерісінің дамуына кедергі келтіреді. Бұл мәселелер локомотивтер сатып алу есебімен оң шешімін тауып отыр.

– Быыл локомотив паркі бойынша жағдай жақсарды. 2024 жылдың соңына дейін 185 локомотив, яғни 121 магистральдық және 20 маневрлік тепловоз, сонымен қатар 44 электровоз сатып алынады. Оның 130-ы бүгінге дейін жеткізілді. Сондықтан бұрын вагондар жинау және беруді кешіктіру негізгі мәселе болып келсе, быыл ол қиындық болмауы тиіс. Маневрлік локомотивтердің алғашқы легі жеткізіліп, олардың бәрі еліміздің егін оратын өңірлеріне жөнелтілді. Бүгінгі таңда теміржол желісінде резервте тұрған локомотивтер бар. Тасымал көлемі арта қалған жағдайда олар іске қосылатын болады, – дейді Н.Келбұғанов.

Сонымен қатар ол астық тасымалы нарығындағы қазіргі жағдайды да баяндады. Қытай тарапы сақтық танытып, қабылдайтын жүк көлемін 150-180 мың тоннаға дейін шектеп отырғанын жеткізді. Атап айтқанда, бидайды қабылдауға қолданыстағы тыйым айтарлықтай шектеулер қояды және тек арпа экспортына рұқсат етіледі, бұл логистикалық схемалар мен коммерциялық стратегияларға айтарлықтай әсер етеді. Осыған байланысты «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС қолда бар мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалану үшін жеткізілімдерді реттеу мен үйлестіруді жүзеге асыратын болады.

– Біздің теңіз порттарымыз астық қабылдауға дайын, Ақтау порты 3 млн тоннаға дейінгі көлемді қабылдап, жөнелтуге әлеуетті. Бұл отандық тауар өндірушілер үшін қосымша мүмкіндіктер ашып, қытай тарапының шектеулерін азайтуға септік етеді, – дейді спикер. *Ұлан ОРАЗ*



Серік СӘРСЕКЕЕВ,
«Қазкөлік» ҚБ
Астана филиалының төрағасы:

«ҚАЗІРГІ ТАҢДА КОМПАНИЯДА «ЕҢБЕК ТӘРТІБІН НЫҒАЙТУ – ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТ АЛУ ПРОФИЛАКТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІ» АТТЫ ЕКІ АЙЛЫҚ ІС-ШАРА ӨТУДЕ. СОНЫМЕН ҚАТАР ЖҰМЫСШЫЛАРДАН КЕЛІП ТҮСЕТІН ӨТІНІМДЕРГЕ ДЕР КЕЗІНДЕ ЖАУАП ҚАТУ БОЙЫНША АРНАЙЫ ШТАБ ҚҰРЫЛДЫ. БҮЛ СОЛ МӘСЕЛЕ-ЛЕРДІ ШЕШІЛУІНЕ ЖӘНЕ БАС-ШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ҚАДАҒАЛАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ»

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ
1 млн тонн
КОММУНАЛЬНО-БЫТОВОГО УГЛЯ ДОСТАВИЛИ ПО СЕТИ КТЖ.

ЗА ПЕРВУЮ НЕДЕЛЮ ОКТЯБРЯ АКМОЛИНСКОЕ ОТДЕЛЕНИЕ ПОГРУЗИЛО СВЫШЕ

88 тыс. тонн
ЗЕРНА.

БОЛЕЕ
75
РАЗ ПРИШЛОСЬ ЭКСТРЕННО ТОРМОЗИТЬ МАШИНИСТАМ ГРУЗОВЫХ ПЕЗДОВ НА УЧАСТКАХ КАРАГАНДИНСКОЙ ДИСТАНЦИИ ПУТИ.

Көрме

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР АЛАҢЫ

9 қазан күні Астанада көлік және логистика индустриясына арналған Орталық Азиядағы ең ірі іс-шараның бірі – Translogistica Kazakhstan-2024 – «Көлік және логистика» 27-ші қазақстандық халықаралық көрме өз жұмысын бастады. Үш күнге жалғасатын көрме іскерлік байланыстарды нығайтудың, көлік саласындағы инновациялық шешімдерді ілгерілетудің және серіктестік қарым-қатынастарды дамытудың маңызды құралы болып табылады.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Сонымен қатар ол еліміздің көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесінде мемлекет пен бизнесің өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін алаң іспеттес. Биылғы көрмеге елімізбен қатар шетелдің теңіз порттары, теміржол және Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары әкімшіліктері, логистикалық компаниялар, жүк тасымалдау үшін технологияларды әзірлеушілер мен өндірісшілер, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік билік өкілдері қатысты.

Барлығы 19 елден келген 213 компания, соның 105-і қазақстандық, 108-і шетелдік екен. Бұл жолғы көрмеде Литва, Латвия, Эстония ұлттық стендлер орнатып, келушілерді өз жобаларымен және өнімдерін таныстыруда. Ұйымдастырушылар биылғы жылғы көрменің ерекшеліктері ретінде төрт конференцияның, сонымен қатар Expert Talks, көлік компаниялары, порттар, терминалдар басшыларының қатысуымен «Қазақстан-Нидерланды» іскерлік кеңесінің өтуін атап отыр. Сондай-ақ биыл бірінші рет 51 экспонат қатысуда.



Бірінші күні көрме шеңберіндегі іскерлік бағдарлама төрт іс-шараны қамтыды. Алғашқы пленарлық отырыс «Қазақстандағы теміржол көлігі мен инфрақұрылымын дамыту» тақырыбына арналды. Конференция барысында ҚР Көлік вице-министрі, «KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағының бас директоры Қанат Әлмағамбетов көрменің ресми ашылу салтанатына қатысып, ашық диалог форматында өткен алаңда еліміздегі теміржол көлігі мен инфрақұрылымын дамыту бағы-

тында іске асырылып жатқан жобалар мен атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар туралы баяндады.

Бұдан кейін конференция жұмысы «Темір жол инфрақұрылымы мен көлік тораптарын үйлестімді дамыту» және «Отандық темір жолды дамыту: трендтер мен перспективалар» сессияларына жалғасты.

Бірінші сессияда «АМТП» ҰҚАК басқарма төрағасы-президенті Абай Түрікпенбаев Ақтау теңіз сауда портының қуатымен таныстырды. Ол бұл нысанның

Транскаспийлік халықаралық көлік бағдарын дамытуда маңызды рөл ойнайтынын, өзінің техникалық параметрлері мен құрылған бизнес-процестері арқасында порт қазіргі заманғы халықаралық стандарттарына сәйкес келетінін атап өтті. Техникалық жарақандырылуы жүктердің кең номенклатурасын өңдеуге мүмкіндік беруде. Жыл басынан бергі сегіз айда порт арқылы тиелген жүк көлемі 3 млн тоннадан асқан. Негізгі бағыт Иран, Түркіменстан, Әзербайжан, Ресей, т.б. елдер.

Абай Түрікпенбаев Ақтау порты базасында салынатын контейнерлік хаб құрылысы туралы жобалармен бөлісе отырып, бұл жобаға шетелдік инвестиция мен шетелдік тәжірибені тартпай іске асыру мүмкін емесін мәлімдеді. Сондықтан инвестор ретінде Қытайдың ірі порт компанияларының бірі «Ляньюньган» порты компаниялар тобы» тартылып, бұл инвестициялық жоба тасымалды ортамерзімді және ұзақмерзімді жоспарлауға мүмкіндік беріп және де жүк жеткізілімі үшін тиімді жағдай жасайды екен.

(Жалғасы 2-бетте)
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

СОЗДАТЬ МУЛЬТИМОДАЛЬНЫЙ КОРИДОР

В городе Ашхабаде (Туркменистан) состоялось 13-е заседание Межправительственной казахстанско-туркменской комиссии по экономическому, научно-техническому и культурному сотрудничеству, где с участием АО «НК «КТЖ» обсуждено создание мультимодальных коридоров.

Мероприятие прошло в рамках подготовки к официальному визиту Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева в Туркменистан под сопредседательством заместителя Премьер-министра – руководителя Аппарата Правительства Казахстана Галымжана Койшыбаева и заместителя председателя Кабинета министров Туркменистана Багьра Атаева. В заседании приняли участие представители профильных министерств и ведомств Казахстана и Туркменистана. АО «KTZ Express» представил заместитель генерального директора по коммерции Улугбек Оразов.

Стороны обсудили вопросы двустороннего сотрудничества в транспортно-логистической сфере. Особое внимание уделено созданию мультимодального коридора Казахстан – Туркменистан – Афганистан – Пакистан. Также рассматривалась перспектива привлечения грузов из Китая и обратно в рамках маршрута Казахстан – Туркменистан – Иран с возможным дальнейшим расширением.

Галымжан Койшыбаев подчеркнул, что работа комиссии в первую очередь должна быть сконцентрирована на тщательной подготовке предстоящих встреч на высшем уровне.

По итогам заседания подписан соответствующий протокол.

Алуа ТЛЕУБАЙ

10 қазан – Кәсіподақтар күні

ҮЗДІКТЕР
МАРАПАТТАЛДЫЕділ ЕРМЕК,
Атырау

Қазақстандағы Кәсіподақтар күніне орай Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде салтанатты жиын өтіп, белсенді кәсіподақ мүшелері марапатқа ие болды.



«Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық кеңесінің Атырау өңірі бойынша өкілдігінің төрағасы Боранбай Қамиев көпшілікті құттықтап, арнайы баяндамасында кәсіподақтың жыл ішінде жасалған жұмыстарына тоқталып өтті. Атырау өңірі бойынша бүгінде барлығы 4453 кәсіподақ мүшесі бар. Жыл бойына көптеген мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар өткізіліп, кәсіподақ мүшелерінің, зейнеткерлердің әлеуметтік, шаруашылық мәселелерін шешу жолдары, ағымдағы басқа да мәселелер қаралған.

Кәсіподақ мүшелерін бөлімше бастығы Аслан Базарғалиев те құттықтап, жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы дәнекер ұйымға жемісті жұмыс тіледі. Әрі қарай марапаттау салтанатына кезек берілді. ҚТЖ бойынша жылда өтетін дәстүрлі футбол чемпионатында Атырау локомотив депосының командасы 1-орын алған. Соған сәйкес депо басшылығы мен команда мүшелері Алғыс хат және арнайы сыйлықпен марапатталды. Самарқандта өткен жарыста атыраулық желаяқтар – Г.Толыбаева, Е.Жапаров, Е.Максимов 40 команда ішінде 9-орынды иеленді. Оларға да лайықты құрмет көрсетілді. Сондай-ақ цех кәсіподақ басшылары, кәсіподақ жұмысында белсенділік танытып жүрген қызметкерлер де Құрмет грамотасы, ҚР Кәсіподақ федерациясының Алғыс хатымен, «Қазкөліккәсіп» медалімен марапатталып, ықыласқа бөленді.

Суретті түсірген автор

«ТЕМІР ЛОГИКА»
ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІҚуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Кәсіподақ күніне орай Абай облыстық Кәсіподақ орталығы ерекше іс-шара өткізді. Атаулы күнге орай аймақтағы кәсіподақ ұйымдары арасында «Quiz» ойынын ұйымдастырды. Шараға семейлік теміржолшылар да қатысты.



Жоғары интеллект, қисынды ойлау, тапқырлық пен жылдамдық сығна түсетін осынау сайысқа теміржолшылардың «Темір логика» командасын «Қазкөліккәсіп» ҚБ-ның Семей аймағы бойынша өкілі Есен Қажығұлов бастап барды.

Соңғы жылдары елімізде кеңінен танымал бола бастаған бұл ойынның мақсаты – жастардың ой-өрісін кеңейтіп, білімдерін жетілдіру, таным қабілетін шыңдап, үнемі ізденіс үстінде жүруге құлшындыру. Бұрынғы теледидардан көретін «Миллион кімге бұйырады?», «XXI ғасыр көшбасшысы», «Не, қайда, қашан?» сынды бағдарламалардың жалпақ жұртшылыққа лайықталған форматы.

Зияткерлік ойын барысында әр топ қойылған сұрақтарға тапқырлықпен тез әрі шапшаң түрде 30-60 секунд ішінде жауап беруі тиіс болатын. Олар сондай-ақ логикамен де сыналды. Қатысушылар әртүрлі жаста болғандықтан, қойылған сауалдар да түрлі тақырыптарды қамтыды.

Осы орайда қойылған сұрақтарға мейлінше жылдам әрі нақты жауап берген және барлық 5 тур бойынша жоғары ұпаймен көш басын бермеген теміржолшылардың «Темір логика» командасы бірінші орынды жеңіп алды. Олар осы ойында ең жоғарғы 24 ұпайды еншіледі. Кейінгі орындарды өзге еңбек ұжымдарының «Сепаратор», «Қызмет» және «Тәуекел» командалары иеленді. Жеңімпаз командаларға арнайы әзірленген сыйлықтар салтанатты түрде табыс етілді.

– Қазір ақылды, білімді, үнемі ізденісте болу сөнге айналған заман. Бұл орайда «Quiz» ойындары белгілі бір ақпараттарды қорытуға, қисынмен ойлауды дамытуға септігін тигізеді. Тіпті жиналып қалған негативті эмоцияны да осында келіп шығаруға болады. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген бар. Бұл ретте біз ҚТЖ бойынша өткізіліп жүрген түрлі интеллектуалдық сайыстарда да топ жарып жүрміз. Мәселен, жуырда ұлттық компания қызметкерлері арасында өткен онлайн тренинг-семинар барысында да НОД-ЖТ-5 командасы жүлделі бірінші орынды жеңіп алған болатын, – дейді әуесқой «Quiz» ойыншысы Бауыржан Көкенов.

Былғы Кәсіподақ күнінің өзгеше леппен, есте қаларлықтай қызғалықты іс-шарамен өткеніне бәрі разы болды.

Суретті түсірген автор

ТРАНСЕУРАЗИЯЛЫҚ
ТРАНЗИТ ПЕРСПЕКТИВАСЫ ҚАНДАЙ?

Қазақстандағы транзиттік тасымалды дамыту перспективалары мен қазіргі мүмкіндіктері туралы «KTZ Express» АҚ жаңа жобалар және маркетинг жөніндегі атқарушы директоры Әсем Мұхамедиева айтып берді.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Мәлімдеуінше, биыл елімізде 8 айда транзиттік тасымал көлемі 20 фудттық эквивалент бойынша 350 контейнерге жеткен. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда Қытай-Еуропа-Қытай бағдарында тасымал көлемінің артқаны байқалған. ТХКБ бойынша да тасымал айналымы қарқынды өсіп жатыр.

– Өткен 8 айда алдыңғы жылмен салыстырғанда ТХКБ бағдарында тасымал көлемі 10 есе артты. Жалпы жүк тасымалының артуында оң динамика бар. Компания осы бағытта жаңа логистикалық сервистер құру үшін қарқынды жұмыстар жүргізуде. Биыл Трансауған бағыты бойынша тауар жөнелтуде қанатқақты жоба іске қосылды. Қазақстаннан шығатын Трансауған дәлізі арқылы Павлодар қаласынан Джабаль-Али

портына дейін контейнерлер жөнелтілді, ол Өзбекстан, Түрікменстан аумағынан өтіп, БАЭ портына дейін 34 тәулікте жетті. Бұл мультимодальды бағдар компаниядағы тариф шарттарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді, – дейді Ә.Мұхамедиева.

Қазір аталған компания Ақтау порты базасында қытайлық әріптестермен бірге контейнерлік хаб құрылысын жүргізуде, бұл ТХКБ орта дәлізін дамытуда маңызды жоба саналады, яғни Ақтау портының Каспий теңізіндегі ірі контейнерлік хаб ретінде қалыптасуына септік етеді.

– Биыл тамыз айында компания клиенттерге арнап Бірыңғай сандық терезе порталын іске қосты. Оның мақсаты – тасымал үдерісінің барлық қызметтерінде бірігетін клиенттер үшін бірыңғай кеңістік құру. Бұл портал іске қосылғанға дейін клиенттер бір тасымалдау процесі үшін сол процеске қатысты барлық қызметтерге жүгінуге мәжбүр болған, ал

қазір олар соны БСТ, яғни бірыңғай сандық терезе арқылы жылдам жүзеге асырады, бұл клиенттер үшін өте тиімді қызмет болып отыр, – дейді спикер.

Қазақстан бүгінде халықаралық логистикадағы өзінің беделін нығайту жолында батыл қадамдар жасауда. Транзиттік тасымалдың артуы, жаңа бағдарлар мен логистикалық сервистердің дамуы және халықаралық бас-тамаларға белсенді қолдау білдіруі елімізді Еуразиялық көлік нарығында негізгі «ойыншыға» айналдырады. Өсіресе инфрақұрылымды дамыту мен жаңғыртуға ерекше көңіл бөлінуі Қазақстанның ағымдағы сын-қатерлерге төтеп беріп қана қоймай, тасымал көлемінің артуына дайын болуын да қамтамасыз етуде. Хабтарды дамыту және көлік дәліздерінің өткізу қабілетін кеңейту сервис саласын арттыруға, болашақта тұрақты тасымал өсімін қамтамасыз етуге ықпал етуде.

«БІЛІМ ЭКСПРЕСІ» – АТЫРАУДА



ТРЕНИНГ

«Білім экспресі» жылжымалы даму мектебінің жұмысы аясында ҚТЖ ішкі жаттықтырушылары Атырау аймағы теміржолшылары үшін жеке-іскерлік қасиеттерді дамыту бойынша бірқатар тренингтер өткізді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тарапынан ұсынылған жаңа жобаның тренингтері әрбір теміржолшы табысты жұмыс істеуі үшін қажетті көшбасшылық дағдыларды, эмоционалды интеллектті және басқа да маңызды қасиеттерді дамытуға бағытталған. Яғни адам қазіргі заманауи талаптарға сай әрекет етіп, оны өмір жолында пайдалана білгені абзал. Екінші жағынан ол өндірістің дамуы мен темір жолда қызмет көрсету сапасының артуына да ықпал етеді. «Эмоционалды интеллект», «Тімді коммуникациялар», «Қақтығысты басқару», «Стреске төзімділік» тақырыптарында өткен тренингтерде рөлдік ойындар,



топтық талқылаулар және өзін-өзі көрсету жаттығулары сияқты интерактивті оқыту әдістері қолданылды. Қатысушылар өздерінің күшті және әлсіз жақтарын бағалауға, сондай-ақ одан әрі жетілдіру үшін даму жоспарларын әзірлеуге мүмкіндік алды. 7-8 қазанда өткен екі күндік оқуға инженерлер, жолсерік, вагоншы, жолшылар, т.б түрлі мамандықтар бойынша 75 адам қатысты.

– Ұлттық компанияның «Білім экспресі» атты жобасын жүзеге асыру мақсатында біз барлық өңірлерді аралап, биыл екінші жыл теміржолшы мамандарға оқыту іс-шарасын өткізіп жатырмыз. Мақсатымыз – сала қызметкерлерін негізгі нақты біліміне қоса осындай «жеңіл» білімдермен сусындату, яғни адами қарым-қатынасты жақсарту, күйзеліске төтеп беру, оқыс жағдайларда шұғыл әрекет

ету сияқты басқа да аса қажетті машық-дағдыларды үйрету. Себебі күнделікті өмірде, жұмыста болсын біздің әрбір сөзіміз бен әрекетімізден өзара қарым-қатынасымыз құралады. Соның бәрі өмір сапасына, еңбек тиімділігіне әсер етеді. Қауіпсіздік тұрғысынан қарағанда көп кемшілік адами фактордан болып жатады. Сол себепті тез әрі дұрыс шешім қабылдау, эмоционалды шымдамды болу, күйзеліске түспеу өте маңызды. Сондықтан тақырыптар осы бағытта шоғырланған, – дейді Компанияның Адами ресурстарды басқару жөніндегі HR бизнес серіктесі Алма Саулебаева.

Іс-шараны ұйымдастырушылар атап өткеніндей, компания өзінің желілік қызметкерлерінің жеке және іскерлік қасиеттерін дамытуға инвестиция сала отырып, болашақ табысқа берік негіз жасайды. Қызметкерлерді қажетті дағдылар мен біліммен қарулан-дыру арқылы компания өнімді, инновациялық және клиентке бағдарланған жұмыс күшін құра алады. Шара соңында барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Суретті түсірген автор

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР АЛАҢЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстанның Каспий әлеуетін тек ТХКБ дәлізі үшін ғана емес, халықаралық көлік арена-сында басқа да бағыттар – Солтүстік-Оңтүстік дәлізі немесе Қытай тарапына қолдау көрсетіп отырған Қытай-Қазақстан-Иран дәлізін құру үшін пайдалануға болады. Мәселен, Солтүстік-Оңтүстік дәлізі бағытын дамыту үшін Иран, Түрікменстан және Ресеймен халықаралық көлік дәлізінің шығыс бағытының әлеуетін синхронды дамыту бойынша 2024-2025 жылдарға арналған жол картасына қол қойылған.

«Темір жол инфрақұрылымы мен көлік

тораптарын үйлесімді дамыту» сессиясында жаңа жолдар мен екінші жолдарды салу, станцияларды дамыту мәселелері сөз болды. Жаңа жобалар қатарында Астана, Тобыл, Никельтау, Алтынкөл станцияларының айналма жолдары, Мойынты – Қызылжар жаңа теміржол желісі мен Алтынкөл – Жетіген телімінде қос жолды кірістірмелердің құрылысы бар. Сонымен қатар Қызылжар – Сексеуіл, Қандыағаш – Тобыл, Ақсу – Дегелең – Жаңасемей, Өлімбет – Никельтау телімдеріне автоблоктау енгізу жобалары да бар. Осылайша, 2025 жылы 460 км жаңа теміржол желісі құрылысы мен қолданыс-

тағы 1818 км жолды жаңғыртуды бастау ұсынылып отыр екен.

Көрме шеңберіндегі келесі бір конференция BreakBulk Kazakhstan Ірі және ауыр жүктерді тасымалдау тақырыбына арналды. Конференция аясында өткен екі сессияның бірінде «ТХКБ, ТРАСЕКА және СОЛТҮСТІК-ОҢТҮСТІК дәліздері бойынша ірі және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау тәжірибесі мен келешегі», ал екінші сессияда «Қазіргі шынайы өмірде ауыр және габаритті жүктер нарығы. Жаңа көлік технологиялары және персоналды оқыту, стандарттау және саланы дамытуды қолдау» мәселелері талқыланды.

ТАПСЫРМА ТОЛЫҚ ОРЫНДАЛДЫ



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

«ҚТЖ-ЖТ» серіктестігінің «Отын ресурстық орталығы» филиалына қарасты Қызылорда отын қоймасында тұтанған шартты өртті өшіру» тақырыбында тактикалық оқу-жаттығу өткізілді.

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Аймақтағы төтенше жағдайға жауапты барлық мекемелердің қатысуымен өткен оқу-жаттығу жоғары деңгейде өтті деп қорытындыланды. Сексен шаршы метр аумаққа жайылған шартты өртті сөндіруге жалпы 45 минут уақыт жұмсалды. Оның ішінде 8 минутта төтенше жағдай залалсыздандырылды.

Оқу-жаттығуға қатысушылардың шапшаңдығы, ситуацияны меңгеріп, тәсіл қолдана білуі, бағдарлық әрекет жасауы, техника мен құралдарды сауатты қолдана білуі, өзге құрылымдармен бірлесіп әрекет етуі қауіпсіздік талаптарды толық сақталып, ережеге сай болды.

Отын ресурстық орталығындағы (ТЭЖ) екі жанармай резервуарының бірінен өрт шыққаны жайлы 17.00 сағатта дабыл қағылды. Орын алған төтенше жағдайдан екі бірдей

оператор уланып, есінен танып құлап қалған. Қағылған дабыл бойынша оқиға орнына келген дәрігерлер тобы резервуар маңында құлап жатқандарды зембілеп салып алып шығып, алғашқы көмек көрсетті.

Орталық диспетчерлік қосын шұғыл дабыл қағылған бойда тиісті органдарға хабар берді. Қызылорда өрт сөндіру пойызының жеке құрамы 17 сағат 05 минутта оқиға орнына келіп жетіп, өрт ошағын оқшаулауға кірісті. Алдымен өртенген резервуардың жанындағы резервуарға су шашып, салқындату шаралары жасалды. Өртенген резервуарға алдымен химиялық қоспасы бар су шашып, артынан екі өрт сөндіру техникасы арқылы арнайы көбікті су шашып, өрт ошағы сөндірілді.

Оқу-жаттығу кезінде теміржолшылардың әрқайсысына бекітілген тапсырмаларды толық, сауатты әрі дәл орындауын «ӨС және АҚЖҚ» РММ бастығы азаматтық қорғау



полковнигі Ә.Баякеев, Қызылорда ЖТ бөлімшесінің бас инженері Құлхан Белкібаев, «Отын ресурстық орталығы» бастығы Алмас Сыздықов, Мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет бастығы Жетіскен Жұматов, облыстық өрт сөндірушілер, төтенше жағдайларды алдын алу мекемелерінің басшылары бақылау жасап, бағалады.

– ҚТЖ мен Төтенше жағдайлар министрлігі арасындағы жоспарлы келісімдер негізінде Қызылорда станциясында өткен тактикалық оқу-жаттығуына АІІ-5-40 маркалы арнайы 11 өрт сөндіру көлігі, Қызылорда өрт сөндіру пойызы, техникалық көліктер, жедел жәрдем секілді жалпы алғанда 16 техника, станциядағы ДС, ПЧ, ӨТЖК, ШЧ, ӨЧ, ЖІБ мекемелерінің басшылары бақылап, 112 өрт сөндіруші қатысып, тапсырма толық орындалды, – дейді Қызылорда өрт сөндіру пойызының бастығы Рысбек Шадаев.

Суретті түсірген автор

К ЕДИНОЙ ТРАНСПОРТНОЙ СИСТЕМЕ



КОНФЕРЕНЦИЯ

Любовь РОББА,
Астана

Мероприятие прошло в рамках 27-й Казахстанской международной выставки «Транспорт и логистика» и собрало ведущих экспертов транспортной логистической отрасли из Казахстана, Китая, России, Азербайджана, Грузии и других стран, а также представителей государственных органов и бизнеса.

О ключевых аспектах цифровой трансформации транспортной отрасли страны во время сессии «Цифровизация грузоперевозок. Новые отечественные платформы и их внедрение» рассказал руководитель управления цифрового развития департамента цифровизации и государственных услуг Министерства транспорта РК Ерлан Клышпаев.

– Министерство транспорта уже обозначило конкретный вектор развития в сфере цифровизации. Создан офис цифровой трансформации, в который включены заинтере-

Автоматизированные системы управления перевозками и технологии отслеживания грузов, новые мобильные приложения и использование искусственного интеллекта для повышения прозрачности перевозок обсудили на I Конференции «IT-решения на транспорте и логистике» в Астане.



ресованные IT и транспортные союзы и ассоциации. Утверждена Карта цифровой трансформации на пять лет, в рамках которой мы будем постепенно пересматривать и проводить реинжиниринг проблемных бизнес-процессов, – проинформировал он. – Все это призвано повысить транзитный потенциал Казахстана, усилить наши транспортные коридоры.

В рамках принятой Концепции развития транспортно-логистического потенциала страны до 2030 года предусмотрены совершенствование систем электронного документооборота

и учета выполнения работ и услуг в сфере транспортной логистики, а также разработка и утверждение комплекса стимулирующих мер для активного использования бизнеса.

Остановившись на реализуемых в железнодорожной отрасли проектах, Ерлан Клышпаев отметил, что в настоящий момент тестируется единое цифровое окно по коммерческим и логистическим услугам, в том числе мультимодальным, чтобы компании могли получать их на одном сайте. В следующем году совместно с АО «НК «КТЖ» министерство

планирует начать тестирование искусственного интеллекта для работы с визуальными данными и анализа большого массива информации, модель которого получена от компании Huawei. С Комитетом госдоходов ведется работа по автоматизации части таможенного транзита.

– В сфере водного транспорта планируем внедрять электронный документооборот на морских пунктах пропуска. Рассматриваем разные варианты, в том числе компанию Abu Dhabi Ports, которая уже объединила

много стран, – отметил он. Среди задач на перспективу он обозначил объединение всех существующих систем и платформ в одну так называемую интеллектуальную транспортную систему, создание аналитического центра, на основе данных которого будут приниматься качественные решения.

Директор департамента информационных систем и технологий АО «Қазтемір-транс» Серик Муратбекулы в свою очередь проинформировал участников конференции о цифровизации грузоперевозок, рассказал о деятельности КТЖ, IT-инфраструктуре, взаимодействии с клиентом и безбумажном документообороте.

